6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған «Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдіру мәселелері» тақырыбындағы Есжанов Ерлан Боранбаевичтің диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Е.Б. Есжановтың «Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдіру мәселелері» тақырыбындағы диссертациясы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қылмыстық құқықтық және криминалистикалық сипаттамасын, аталмыш қылмыстардың тергеу кезінде кездесетін болжаулар мен жоспарлар, типтік жағдайлар, сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізудің ерекшеліктерін зерттеуге арналған.

1. Зерттеу жұмысының өзектілігі, оның ғылым мен практика үшін маңыздылығы және байланысы

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жоғары латенттілігімен, олардың нақты ауқымы мен даму үрдістерінің ресми статистикалық деректерде толық көрініс таппауымен айқындалады. Бұл санаттағы қылмыстарды тергеу барысында лауазымды тұлғаның құқықтық мәртебесін анықтау, оның өкілеттіктерінің шегін белгілеу, жасалған әрекетті лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану немесе асыра пайдалану белгілерінен ажырату, сондай-ақ әрбір қылмыстық әрекетті дұрыс саралау сияқты күрделі мәселелер туындайды. Бұған қоса, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының едәуір бөлігі рөлдері қатаң бөлінген, иерархиялық құрылымы бар қылмыстық топтар мен қауымдастықтар құрамында жасалады. Мұндай жағдайлар қылмыстық әрекеттің барлық қатысушыларын анықтауды, олардың арасындағы өзара байланысты дәлелдеуді және әрқайсысының қылмыс жасаудағы рөлін нақтылауды қиындатады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігін арттыратын тағы бір маңызды мән-жай – сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша тергеп-тексеру сапасының тиісті деңгейде болмауы. Оның негізгі себептеріне тергеу процесін криминалистикалық қамтамасыз ету деңгейінің жеткіліксіздігі, тергеушілердің осы қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы жөніндегі жүйеленген ғылыми білімдерінің болмауы және тәжірибеде қолданылатын әдістемелік ұсынымдардың жетілдірілмеуі жатады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының саралаушы белгілерін дұрыс анықтау, дәлелденуге жататын мән-жайларды нақтылау, қылмыстың жасалу тетігін ашу және оның іздерін уақтылы табу үшін ғылыми негізделген криминалистикалық әдістеме қажет. Өйткені пайдакүнемдік немесе өзге де жеке мүдде мақсатында жасалатын мұндай қылмыстар азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне ғана емес, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне де елеулі зиян келтіреді.

Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдіру теориялық және практикалық тұрғыдан аса маңызды. Жетілдірілген әдістеме қылмыс белгілерін уақтылы анықтауға, қылмыстық әрекеттерді өзара дұрыс ажыратуға және саралауға, тергеудің типтік жағдайлары мен негізгі бағыттарын белгілеуге, дәлелдемелерді тиімді жинауға, тексеруге және

бағалауға мүмкіндік беруі тиіс. Сонымен қатар ол істің барлық мән-жайларын объективті, толық әрі жан-жақты анықтауға бағытталып, тергеу барысында жәбірленушілердің, куәлардың, күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуі қажет. Демек, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің ғылыми негізделген әрі тәжірибеге бағдарланған әдістемесін қалыптастыру қажеттілігі осы диссертациялық зерттеудің өзектілігін айқындайды.

2. Жұмыстың теориялық және тәжірибелік құндылығы.

Диссертациялық зерттеуде тергеудің бастапқы және кейінгі кезеңдерінің ерекшеліктері, типтік тергеу жағдайлары мен нұсқалары, сондай-ақ тергеу әрекеттерін ұйымдастырудың теориялық негіздері қарастырылады. Бұл сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің жекелеген әдістемесін дамытуға және криминалистика ғылымының тиісті ережелерін жаңа ғылыми тұжырымдармен толықтыруға жағдай жасайды. Зерттеудің теориялық қорытындылары қылмыстық құқық, қылмыстық процесс, криминалистика және жедел-іздестіру қызметі салаларындағы кейінгі ғылыми ізденістерге негіз бола алады.

Диссертацияда әзірленген ұсыныстар тергеу органдары, жедел-іздестіру бөлімшелері, прокуратура, қаржылық мониторинг органдары және сот сарапшылары арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Олар тергеу кезінде жіберілетін ұйымдастырушылық және процессуалдық қателерді азайтуға, дәлелдемелердің жоғалуына немесе жарамсыз деп танылуына жол бермеуге, қылмыстық істерді тергеу мерзімдерін қысқартуға және сотқа жіберілетін материалдардың сапасын арттыруға бағытталады.

Зерттеу нәтижелерін құқық қорғау органдарына арналған әдістемелік құралдар мен практикалық нұсқаулықтарды әзірлеу кезінде, тергеушілердің біліктілігін арттыру курстарында, сондай-ақ жоғары оқу орындарында криминалистика, қылмыстық процесс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл пәндерін оқыту барысында қолдануға болады. Жалпы алғанда, зерттеудің тәжірибелік нәтижелері сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің сапасын арттыруға, кінәлі тұлғаларды жауаптылыққа тартудың бұлтартпастығын қамтамасыз етуге және мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін күшейтуге мүмкіндік береді.

3. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес айқындалып, кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Диссертациялық зерттеудің бірінші бөлімінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қылмыстық-құқықтық және криминалистикалық сипаттамалары кешенді түрде қарастырылады. Аталған қылмыстардың түсінігі, негізгі белгілері, құқықтық табиғаты мен саралану ерекшеліктері талданып, олардың трансұлттық сипатының тергеп-тексеру процесіне әсері айқындалады. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасының мазмұны ашылып, қылмыскер тұлғасының типтік

ерекшеліктері және қылмыс жасау тәсілінің криминалистикалық маңызы зерттеледі.

Зерттеудің екінші бөлімінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексеруді ұйымдастырудың негізгі мәселелері зерделенеді. Тергеу барысында қалыптасатын бастапқы мәліметтер негізінде ұсынылатын криминалистикалық болжауларды құру мен тексеру, тергеуді жоспарлау және тергеу әрекеттерінің реттілігін белгілеу мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ тергеп-тексерудің әртүрлі кезеңдерінде туындайтын типтік тергеу жағдайлары жүйеленіп, сол жағдайларға сәйкес тергеудің тиімді бағыттары мен іс-қимыл алгоритмдері айқындалады.

Диссертацияның үшінші бөлімінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізудің ұйымдастырушылық, тактикалық және процестік ерекшеліктері талданады. Атап айтқанда, оқиға болған жерді қарау, жауап алу, тінту және тану үшін ұсыну әрекеттерін дайындау мен жүргізудің тиімді тәсілдері қарастырылады. Бұдан бөлек, қылмысқа қатысты дәлелдемелерді анықтау, бекіту және зерттеу мақсатында тағайындалатын сараптамалардың жекелеген түрлері, оларды тағайындау негіздері, сарапшыға қойылатын сұрақтарды тұжырымдау және сараптама қорытындыларын тергеу барысында пайдалану мәселелері қамтылады.

4. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамасының ерекшеліктерін негізге ала отырып, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесінің теориялық және практикалық мәселелерін қазіргі ғылым мен техника жетістіктерін, оның ішінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін ескеру арқылы кешенді криминалистикалық тұрғыдан зерттеуден көрінеді. Зерттеу барысында сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің қалыптасқан тәжірибесі талданып, тәжірибеде кездесетін негізгі проблемалар мен толық пайдаланылмай жүрген ресурстар анықталады, сондай-ақ қолданыстағы криминалистикалық амалдардың, әдістер мен тәсілдердің аталған қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру кезіндегі тиімділігі бағаланады. Бұған дейінгі зерттеулердің шетелдік қылмыстық-процестік заңнамаларға сүйенуі немесе сыбайлас жемқорлықтың жекелеген салалардағы ұйымдастырушылық-тактикалық мәселелерімен шектелуін ескерсек, бұл жұмыста сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің барлық негізгі кезеңдері мен бағыттары өзара байланыста қарастырылатыны ерекшелейді. Соның нәтижесінде осы санаттағы қылмыстарды анықтау, ашу, тергеуді жоспарлау, типтік тергеу жағдайларын бағалау, дәлелдемелерді жинау мен зерттеу және жекелеген тергеу міндеттерін шешуге арналған ғылыми негізделген тактикалық-әдістемелік ұсынымдар әзірленеді.

5. Диссертациялық жұмысты жазудағы ізденушінің өзіндік жұмыс жасауы.

Диссертациялық жұмыста докторант Е.Б.Есжанов өзінің алдына нақты мақсат қойып, оны жүйелі әрі ғылыми негізде тұжырымдама жасап, ойын нақты жеткізе білді. Зерттеу жұмысымен таныса отырып оның авторы тарапынан тек қана осы бағыттағы заңнамалық және теориялық материалдарды пайдаланып

қоймай, оларға қатысты өзінің жеке тәжірибесін, одан туындайтын көзқарасы мен пікірін, ой-тұжырымдарын, қорытындыларын бере алғанын көруге болады.

Диссертация жұмысының ең маңыздысы тұжырымдалған анықтамалар мен ережелердің криминалистика және қылмыстық іс жүргізу ғылымдары тұрғысынан ғана емес, жалпы адам құқығы тұрғысынан да талданып, сараланып түсіндірілген.

Диссертациялық зерттеуді орындау барысында Е.Б. Есжанов өзін ғылыми мәселенің мәнін терең түсініп, оны шешудің тиімді жолдарын нақты тұжырымдай алатын тәжірибелі зерттеуші әрі білікті маман ретінде танытты. Ол зерттеудің мақсаты мен міндеттерін дұрыс айқындап, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесінің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты анықтай алды. Докторанттың жоғары аналитикалық қабілетін, зерттеліп отырған мәселені терең зерделеуге деген ұмтылысын, оның теориялық және практикалық маңызын ашудағы шығармашылық көзқарасын, сондай-ақ ғылыми мәселелердің шешімін іздеудегі дербестігі мен жүйелілігін ерекше атап өткен жөн.

6. Диссертациялық жұмыстың сыннан өтуі.

Диссертациялық жұмысты жазуда алынған сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әдістемесін жетілдіруге байланысты ұсынымдар мен қорытындылар халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда баяндау арқылы, сондай-ақ уәкілетті орган ұсынған журналдарда жарияланып, апробациядан өтті.

Диссертация І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құқықтық пәндер кафедрасының базасында орындалды және талқылаудан өтті. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ғылыми ұсыныстары ғылыми басылымдарда 5 ғылыми мақалаларда көрініс тапқан. Оның ішінде, 3 мақала уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus деректер базасына кіретін басылымда, 1 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарияланды.

7. Ұсыныс

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Есжанов Ерлан Боранбаевичтің философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, қойылған талаптарға толық сәйкес келеді және қорғауға жіберуді ұсынамын.

Ғылыми жетекші,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті құқықтық пәндер
кафедрасының профессоры м.а.,
философия докторы (PhD),
қауымдастырылған профессор (доцент) **Б.Ж.Айтимов**

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КАДР САЯСАТЫН БАСҚАРУ БӨЛІМІ
Қолы
РАСТАЙМЫН

КАДР САЯСАТЫН БАСҚАРУ БӨЛІМІ